

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2025 жылғы 4 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимін қосыңыздар.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92. Қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 91. Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшейік.

Бірінші мәселе «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасы Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты гуманизм қағидаты негізінде қылмыстық саясатты ізгілендіру мақсатында депутаттардың бастамашылығымен әзірленді.

Заң жобасында азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыстар жасағаны үшін сотталғандарды, оның ішінде азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын: кәмелетке толмағандарды, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерді, сондай-ақ жүкті әйелдерді, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерді және оларға теңестірілген адамдарды, зейнеткерлерді, мүгедектерді және басқаларды босату ұсынылады.

Комитет заң жобасын жұмысқа алуға дайын. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Снежанна Валерьевнаға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 87, «жақтағандар» – 87.

Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ОРЕС Халықаралық даму қоры арасындағы жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлына беріледі.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Қадірлі әріптестер! Қаралып отырған негіздемелік келісімнің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ОРЕС Халықаралық даму қоры арасында жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру.

Негізгі келісім мынадай бағыттарды көздейді:

ОРЕС Халықаралық даму қорынан қарыздар, кепілдіктер және қаржыландырудың өзге де құралдарын тарту;

ОРЕС Халықаралық даму қорына салықтық және басқа да преференциялар беру;

ОРЕС Халықаралық даму қорының және бенефициарлардың құқықтарын қорғау; валютаның айырбасталуын және қаражаттың еркін аударылуын қамтамасыз ету;

ОРЕС Халықаралық даму қорының мәртебесі мен режимін анықтау, сондай-ақ оған артықшылықтар мен иммунитет беру;

дауларды халықаралық төрелік арқылы реттеу.

Комитет заң жобасын жұмысқа қабылдауға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Еділ Терекбайұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша қаулыға дауыс берейік. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 92.

Шешім қабылданды.

Келесі талқыланатын мәселе «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының халықты және денсаулық сақтау объектілерін дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен

қамтамасыз ету бойынша қызметінің тиімділігіне аудит жүргізу» тақырыбындағы Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы төрағасының есебі жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы Смайылов Әлихан Асханұлына беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Халықтың денсаулығы еліміздің әл-ауқаты мен дамуының негізгі факторларының бірі.

Мемлекет басшысы азаматтар үшін дәрі-дәрмектердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді мемлекеттік саясаттың басым міндеті екенін атап өтті.

Сонымен бірге 2024 және 2025 жылдары жүргізілген екі аудит дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесінде бірқатар проблемаларды анықтады.

Бірінші. Отандық фармацевтика саласының нашар дамуы.

Қазақстандағы фармацевтикалық нарықтың көлемі 2024 жылы 1,2 триллион теңгені құраса, оның 84 пайызы шетелдік өнім.

2022 – 2024 жылдары медицина ғылымын қаржыландыруға 58 миллиард теңге жұмсалған.

Ғылыми жобалар саны аз болса да Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және жоғары білім министрлігінің тарапынан іске асырылатын зерттеулерден хабарсыз. Бұл нақты қажеттіліктерді ескере отырып ғылыми приоритеттерді уақтылы түзетуге мүмкіндік бермейді.

Биомедициналық және клиникалық зерттеулердің реттеуші базасында да кемшіліктер бар. Бірнеше жыл өтсе де биомедициналық зерттеулерді тіркеу жүйесі мен клиникалық базалар тізілімі әлі де жасалмаған. Осының салдарынан ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі өте төмен.

Соңғы он жылда елімізде небәрі екі түпнұсқа отандық препарат тіркелген. Олардың біреуі әзірлеуіне 4 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсалғанына қарамастан Ұлттық дәрі-дәрмек формулярына енгізілмеген.

Мемлекет отандық фармацевтиканы дамыту үшін ауқымды көлемде жеңілдіктер мен преференциялар беруде. 2022 – 2024 жылдары осы салаға берілген преференциялардың жалпы көлемі 148 миллиард теңгені құрады.

Сонымен қатар Бірыңғай дистрибьютор отандық тауар өндірушілердің өнімін он жыл бойы сатып алуға кепілдік беретін ұзақ мерзімді шарттар жасайды. Мұндай сатып алу көлемі соңғы бес жылда 69-дан 112 миллиард теңгеге дейін өсті.

Отандық тауар өндірушілерден сатып алудың жалпы көлемінің өсуіне қарамастан отандық дәрі-дәрмектер ассортименті 968-ден 507-ге дейін, яғни екі есеге жуық азайды. Басқаша айтқанда, отандық тауар өндірушілер өндірісі жеңіл медициналық бұйымдар шығаруды ұлғайтқанымен елімізде өндірілетін дәрі-дәрмектер саны қысқаруда.

Жұмыс істеп тұрған 200-ден астам отандық тауар өндірушінің 34-і ғана ұзақ мерзімді шарттар түрінде мемлекеттік қолдау шарасын пайдалана алды. Алайда аталған шарттардың орындалуын бақылау тиісті деңгейде жүргізілмейді.

«СҚ-Фармация» 2022 – 2023 жылдары келісімшарттардың жартысынан көбін тексерсе, 2024 жылы қолданыстағы 90 келісімшарттың біреуін ғана тексерді.

Өндірістің локализациясына және инвестициялық міндеттемелерге мониторинг жүргізілмейді. Бұл талаптарды формальды түрде орындауға және жағдайды теріс пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Мәселен, 2024 жылы «ҚазМедПром» серіктестігі мемлекетке 8 миллиард теңгеге 62 миллион медициналық қолғап жеткізген. Бұл қолғаптардың көлемі мен сипаттамалары оның сол кезеңде Тайландтан сатып алған партиясымен сәйкес келеді.

Бұл жағдайда шетелдік өнімді отандық өнім ретінде сату тәуекелі байқалады. Осы ретте мемлекет үшін бағалар нарықтық бағамен салыстырғанда екі есеге жоғары. Бұл 5,3 миллиард теңгеге бюджеттің артық шығындарына әкелді. Осындай схемалар импортты алмастыру саясатының мәнін бұрмалап қана қоймай, жалпы, мемлекетке тікелей залал келтіреді.

Кейбір отандық тауар өндірушілер арзан және нашар тазартылған шикізатты пайдаланады. Бұл тиісті бақылау болмаған жағдайда нарыққа сапасыз өнімдердің түсу ықтималдығын арттырады. Мысалы, «Элеас» серіктестігінен 3 миллиард теңгеге сатып алынған препараттар қолдануға жарамсыз деп танылып, есептен шығарылды.

Екінші. Дәрілік заттар айналысының және оған баға белгілеуді реттеудің тиімсіздігі. 2024 жылғы аудитпен дәрі-дәрмекті нарыққа шығару процедураларының шамадан тыс бюрократияланғаны анықталды.

Бірыңғай дистрибьютор жаңа дәрі-дәрмекті сатып алуы үшін ол бес түрлі тізбеге енгізілуі қажет. Осы талаптарды орындау бірнеше жылға созылады.

Қолдан жасалған шектеулер салдарынан сатып алудың басым бөлігі бір ғана өнім берушінің қатысуымен өткізіледі. Мұндай жағдай бағаның жоғарылауына әкеледі.

2024 жылғы аудит бағаны реттеу тетігі дәрі-дәрмектердің қолжетімділігіне және олардың бағасының экономикалық негізділігіне ықпал етпейтінін анықтады.

Қолданыста болған үстеме бағалар жүйесі нарық үшін шекті бағаларды өндіруші зауыт бағасынан 172 пайызға дейін, ал бюджет есебінен сатып алу үшін 35 пайызға дейін негізсіз арттыруға мүмкіндік берген.

Денсаулық сақтау министрлігі біздің нұсқамаларды орындау шеңберінде Баға белгілеу қағидаларына өзгерістер енгізіп, үстеме бағалардың регрессивті шкаласын қайта қарады.

Шекті бағаларды өзектендіру бойынша шаралар уақтылы қабылданбағандықтан, бағасы тым жоғары және тым төмен дәрі-дәрмектер позицияларының орын алуына әкелді.

Бірыңғай дистрибьютордың топ-15 сатып алынған препаратын алатын болсақ, олар Ресейде 180 пайызға дейін төмен бағамен сатылады.

Сонымен қатар шекті бағалардың төмен болуына орай үш жылда 45 мыңнан астам пациент үшін дәрі-дәрмектің 98 түрі сатып алынбаған.

Үшінші. Дәрі-дәрмектердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету.

Дәрілік заттарды сараптаудың, тіркеудің және кейіннен қадағалаудың қолданыстағы тәртібі дәрілік заттардың қолжетімділігін, қауіпсіздігін және сапасын қамтамасыз етпейді.

Препараттарды сараптаудың рұқсат етілген нормативі 210 күн болғанына қарамастан, 2024 жылы сараптаудың орташа мерзімі 334 күнге созылған. Кейбір жағдайларда сараптама ұзақтығы екі жарым жылға дейін жетеді.

2024 жылы қауіпсіздігі бағалануы тиіс шамамен 3 мың бірлік өнімнің жартысына ғана сынақ жүргізілген. 1 мың 495 өнім бойынша үлгілер ұсынылмаған. Тиісінше қауіпсіздігі бағаланбаған.

Бұл ретте фармбақылау комитеті осы препараттардың сертификаттарын тоқтата тұру немесе қайтарып алу шараларын қабылдамаған.

Сырттан әкелінетін тіркелмеген өнімнің сапасы бағаланбайды. Осындай өнімнің жалпы көлемі соңғы үш жылда 32 миллиард теңгеге 77 миллион бірлікті құрады. Фармакологиялық қадағалау құралдары тиімсіз.

Үш жыл ішінде жалпы саны шамамен 8 мыңды құраған, дәрі-дәрмектерден туындаған жанама әсер туралы көптеген хабарламаларға қарамастан, фармбақылау комитеті бір ғана препаратты айналыстан алған.

Төртінші. Дәрілік заттарды сатып алуға, сақтауға және оның логистикасына қатысты тетіктердің тиімсіздігі.

Шарттарды дер кезінде жасамау және жеткізу графиктерін сақтамау пациенттерді дәрі-дәрмекпен уақытылы қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Бірыңғай дистрибьютор 2022 – 2024 жылдары тек амбулаториялық көмек шеңберінде 207 атаудан тұратын өнімді уақытылы сатып алмады және 164 өнімді мүлдем сатып алмады. Бірқатар препарат ай сайын бөліп таратылмай, тоқсан сайын жеткізіліп, тапшылықты туындатты. Соның салдарынан пациенттер оларды өз қаражаты есебінен сатып алуға мәжбүр болды.

2024 жылы өндірушілермен жасалған тікелей келісімшарттар бойынша сатып алынған препараттар үлесі небәрі 9 пайызды құрады.

Бірыңғай дистрибьютор талаптарды бұза отырып, препараттарды қазақстандық мазмұнды растайтын «СТ-KZ» сертификатынсыз жүйелі түрде сатып алуда. Үш жыл ішінде осындай фактілер 258 миллиард теңгеге анықталды.

«СҚ-Фармацияның» өзінде тасымалдау және сақтау жүйесі болмағандықтан оларды өзге ұйымдардан сатып алуға мәжбүр. Бұл ретте логистикалық қызметтер нарығының 90 пайыздан астамы үш компанияға тиесілі. Логистика шығындары үш жыл ішінде 60 пайызға өсіп, 2024 жылы 11 миллиард теңгені құрады.

Шығыстардың өсуі баға белгілеу әдістемесіндегі кемшіліктерге және логистика процестерін автоматтандырудың төмен деңгейіне байланысты болып отыр.

Бесінші. Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету проблемалары.

Бұл салада қажеттілікті болжамдау жүйесінде кемшіліктер бар. Қаражатты өңірлер арасында бөлу кезінде де дисбаланс орын алып отыр.

Бірнеше жыл бойы Денсаулық сақтау министрлігінің тізбесіне кірмейтін қымбат препараттарды таңдауға мүмкіндік беретін бірлесіп төлеу тетігі іске асырылмай келеді.

Жарамдылық мерзімінің өтуі жақындаған препараттарды таратудың 67 мыңнан астам фактісі анықталды. Бұл олардың жарамсыздығына және қаражатты тиімсіз пайдалануға әкелді.

Пациенттерге клиникалық хаттамаларда белгіленген қажеттіліктен асатын көлемде немесе жалпы көзделмеген препараттарды тағайындау фактілеріне жол берілген. Мысалы, медициналық ұйымның бірінде пациентке бір жыл ішінде 101 миллион теңгеге

«Имбрувика» препаратының 36 қаптамасы жазып берілген, ал оның рұқсат етілген нормасы 8 қаптамадан аспайды.

Аудит барысында ең қымбат 15 препарат бойынша бюджеттік және нарықтық сегменттегі құн айырмасы 600 пайызға дейін жеткені анықталды. Бұл жағдайға басты себеп – тегін амбулаториялық көмекке арналған дәрі-дәрмек заңсыз есептен шығарылып, бөлшек саудада сатылуы. Мұндай фактілер дәрі-дәрмекті беру және оның айналысын бақылау жүйесінің әлсіздігін көрсетеді.

Отандық денсаулық сақтау жүйесінде 1 мың 133 клиникалық хаттама қабылданған. Бұл ретте олардың шамамен 70 пайызы 5 – 12 жыл бойы қайта қаралмаған. Бұл халыққа ескірген медициналық технологиялар бойынша медициналық көмек көрсетуге әкеледі.

Құрметті депутаттар! Қорыта келе, жүргізілген екі аудит нәтижесі дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласында жүйелі және кешенді проблемалардың барын анықтады. Олар ғылым мен өндірістен бастап нормативтік реттеу мен халыққа дәрі-дәрмек беруді ұйымдастыруға дейін барлық деңгейде байқалады.

Аталған проблемалар бойынша Үкіметке тиісті ұсынымдар және Денсаулық сақтау министрлігіне тапсырмалар берілді. Жоғары аудиторлық палата алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстың ілгерілеуін жүйелі түрде қадағалап отырады.

Тұтастай алғанда, екі аудиттің нәтижелері бойынша 741 миллион теңгеге қаржылық бұзушылықтар, 32 миллиард теңгеге қаражаттың тиімсіз жоспарланғаны және пайдаланғаны, 58 миллиард теңгеге шығын мен жіберіп алған пайда фактілері анықталды. 134 факт бойынша материалдар уәкілетті органдарға әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін берілді. 5 факт бойынша аудит материалдары құқық қорғау органдарына жіберілді.

Аудит жүргізуге фармакологиялық, дәрі-дәрмек қауіпсіздігін сараптаудың білікті мамандары тартылды.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып Мәжіліс депутаттарына дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесін жан-жақты қарағаны үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бірлескен жұмысымыз осы саладағы проблемалардан арылу үшін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Баяндама аяқталды. Әлихан Асханұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Қадірлі әріптестер! Сөзімді жетімді болу үшін нақты бір адамның қарапайым мысалынан бастайын.

Раушан есімді азаматша. 42 жаста. Оның өмірі баяу сөніп барады. Ем жоқтығынан емес, емге шипа болатын дәрі Ұлттық дәрілік формулярда тіркелмегендіктен, дәрі жеті жылдан бері жаңартылмаған емдеу хаттамасына енгізілмегендіктен, тіпті сатып алайын десе де ол дәрі елде рұқсат етілген тізімде болмағандықтан. Оның өмір үшін күресі – бюрократиямен күрес.

Тағы қаншама осындай азаматтар біздің көмегімізді күтіп отыр? Бүгінгі талқылауымыздың өзегі осы.

Бұл әңгіме баласына дәрі іздеп сандалған ананың өмірі туралы, бағасы удай қымбат болғандықтан дәрісін ала алмаған зейнеткер туралы, ескірген емдеу хаттамалармен жұмыс істеуге мәжбүр дәрігерлердің тірлігі туралы, отандық препараттардың жетіспеушілігі және дәрілердің қымбат бағасы туралы.

Жалпы, Жоғары аудиторлық палатаның есебін еліміздегі фармацияның шынайы рентгені деп айтуға болады. Рентген нәтижесі жай ғана сынықтар мен көлеңкелерді көрсетіп қана қоймай, дереу шешімді, жедел емдеуді талап ететін терең, нағыз қатерлі ісіктерді анықтады деп айта аламыз.

Осыған орай фармацевтика саласының үш жағымсыз диагнозына және оларды емдеу үшін қажет жеті нақты қадамға тоқталайын.

1. Дәрі-дәрмекке қолжетімділік.

Бірінші. Дәрі-дәрмектер дәріханаларда сатылуы үшін олар ең алдымен Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығында сараптамадан, содан кейін тіркеуден өтуі керек. Аудит не көрсетті?

Норматив бойынша тіркеу мерзімі 210 күн. Алайда біреулер үшін бұл мерзім заңсыз 1 275 күнге дейін созылса, ал осы ұйымның бұрынғы қызметкерлері үшін өте жылдам, 25 күнде-ақ аяқталып, рәсім өткізілді. 154 өтінім бойынша сараптама процедураларын бұзу фактілері анықтады.

Жалпы, Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы нағыз саяхатшылар клубы сияқты. Оның қызметкерлері дәрілерді тізімге енгізу үшін зауыттарды көру сылтауымен шетелге баруда. Әрине, барлық жәйлі саяхат шығандары фармация компаниясының есебінен төленеді. Бұл саяхаттар не беретіні түсініксіз.

Дәріні тіркеу үшін өте күрделі бюрократиялық рәсімдерден өту керек. Әрине, мұндай қиындықтардан өту тек алпауыт фармацевтикалық компаниялар мен қымбат препараттар үшін мүмкін. Нәтижесінде арзан, бірақ науқастар үшін ауадай қажет дәрілер тіркелмей қалады, нарықта жоқ. Өйткені ол үшін жүгіретін ынта да жоқ, қызығушылық та жоқ.

Мысалы, Қазақстанда пенициллиннің ішетін түрі тіркелмеген деп фармакологтар айтуда. Неге? Өйткені ол тым арзан, ешкім өтінім бермейді және ешқандай қызығушылық жоқ, осының кесірінен дәрігерлер бірден кең ауқымды антибиотиктерді тағайындауға мәжбүр.

Дәл осындай жағдай көптеген базалық дәрілер бойынша қайталанады, олар тізімде жоқ, сондықтан біз оларды қолданып емделе алмаймыз. Олар арзандылығына байланысты индустрияға қызық емес деп те айтуға болады.

Жарайды, тіркеу ол бір саты, ал енді дәрілермен науқастарды тегін қамтамасыз ету үшін олар Ұлттық формулярға енгізілуі керек. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Емдеу үшін дәріні қолданамын десең, ол клиникалық хаттамаларға енуі керек. Әр кезеңде кедергілер, әр кезеңде бюрократия, әр кезеңде ашықтықтың жоқтығы. Маяковский айтқандай, егер аспанда жұлдыздар жанатын болса, демек ол біреуге қажет.

Осыған орай бір мысал. Рұқсат етілген тізімдерге дәрілердің баламаларының болмауына байланысты «СҚ-Фармация» 60 пайыз препараттарды бір мердігерден сатып

алған. Мысалы, «Фраксипарин» дәрісінің баламасының тіркелуі созылғандықтан оны максималды бағамен сатып алған. Тек 2024 жылы оның баламасы пайда болып, тіркелгеннен кейін ғана баға төмендеп, тек осы дәріден 90 миллион теңге үнемделді.

Көріп отырғандарыңыздай, бұл керемет ойлап табылған тәсіл сияқты.

Екінші. Фармакологиялық бақылауды күшейту. Заңға сәйкес Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы дәрілердің жағымсыз реакциялары туралы хабарламаларды жинап, талдап, шаралар қабылдау үшін жіберуге міндетті. Бірақ аудит көрсеткендей, 28 «сары карточкалар» бар дәрілік заттар бойынша ешқандай шара қабылданбаған. Оның үстіне дәрілердің кері әсерлері туралы 137 ақпарат түскенімен, тек бір препарат қана кері қайтарылған. Жалпы, фармацевтикалық бақылаудан 77 миллион фармацевтикалық өнім тыс қалған.

Сондай-ақ дәрілерді өндіру үшін әкелінетін субстанциялар мүлдем бақыланбайды екен. Кім, не әкеліп жатыр? Олар құюға дайын дәрілер ме, әлде жай субстанция ма? Олар қаншалықты қауіпсіз? Ол бізге беймәлім.

Үшінші. Ескірген емдеу хаттамалары. Бұл да үлкен мәселе. Әр азаматты емдегенде дәрігерлер арнайы емдеу хаттамасында көрсетілген дәрілерді қолдануы тиіс. Біз оны білеміз. Ал емдеу хаттамалары болса уақытылы жаңартылмайды. Өздеріңіз қараңыздар, клиникалық хаттамалардың шамамен 70 пайызы бес жылдан он екі жылға дейін қайта қаралмаған. Он жыл жыл емес, қазір бір жыл ішінде жаңа дәрілер пайда болуда. Осыған байланысты қазақстандықтар жаңа әдістермен ем ала алмай жүр деп те айтуға болады.

Хаттамаларды бекіту процесінің өзі де күрделі. Кейде ол бірнеше жылға созылып, осылайша бекіткен хаттама бекітіліп біткенге дейін өзінің актуалдылығын жоғалтады.

Тағы бір мәселе. Тиімді препаратты тізімге енгізу үшін өндірушінің өтініші керек. Тиімсіздерді тізімнен алып тастау үшін де әзірлеушінің өтініші керек. Бұл парадокс. Бұл норма тиімсіз дәрілерді тез шығаруға жасанды түрде кедергі жасау үшін енгізілген сияқты болып көрінеді.

Мысалы, тіркеу мерзімі өткен және тиімділігі төмен, шығаруға ұсынылған 409 препарат үш жыл бойы формулярдан алынбаған, тиімсіз деп танылған 5 препарат 29 ауруды емдеу хаттамаларынан шығарылмаған, ал қажет делінген 96 тиімді препарат керсінше формулярға енгізілмеген екен.

Мұндай ақылға сыймайтын жағдайдың себебі – министрліктің бұйрықтарындағы қарама-қайшылықтар.

2. Жабайы бағалар және тиімсіздік.

Бірінші. Шекті бағаларды қалыптастыру кезіндегі өрескел бұзушылықтар анықталды. Олардың қатарында шамадан тыс маркетингтік және тасымалдау шығындарын бағаға қосу бар, препараттар тіпті түпнұсқасынан да бірнеше есе жоғары бағамен сатып алынған.

Дәрілерге қосылған үстеме баға зауыттық бағадан 172 пайызға дейін жетеді, ал Еуропада және әлемде бұл 30 пайыздан аспауы керек.

Бір препараттың әртүрлі дәріханалардағы бағасы 3 – 5 есеге дейін өзгереді. Түпнұсқаның бағасы 344 теңге болса, отандық тауар өндірушінің generating-інің бағасы 1 мың 273 теңгені құраған. Бұл төрт есеге дейін қымбат.

Бұл қалай мүмкін болды? Отандық зауыт елде сатылмайтын шетелдік аналогтың бағасын алып, соған байланыстырып өз шығындары мен бағасын есептеп, солай дәрінің бағасын көтеріп бекітіп алады. Оны салыстырсақ, көптеген отандық дәрілер шетелдік түпнұсқасынан еселеп қымбат болып шығады.

Аудит көрсеткендей, «Парацетамолдың» зауыттық бағасы 59 теңге, ол Қырғызстанда 90 теңгеге сатылса, бізде 144 теңгеге сатылуда.

Салыстырыңыздар, «Терафлюге» елде бекітілген шекті баға 3,3 мың теңге болса, зауыттық бағасы 1,5 мың теңге, Ресейде ол 2,2 мың, Қырғызстанда 2,5 мың тұрады. Ал «Китруда» дәріханаларда 710 мың тұрса, Денсаулық сақтау министрлігі шекті бағасын 1,3 миллион деп бекіткен. Оны «СҚ-Фармация» 1 миллион 200 мыңға сатып алған. Былай қарасаң, ақша үнемдеген сияқты болып көрінеді. Бірақ шын мәнінде екі есеге жуық қымбатқа сатып алынған.

Тіпті сұмдық жағдай, дәріханаларда бюджет есебінен сатып алынған дәрілер анықталды.

Екінші. «СҚ-Фармация» жөнінде. Бірыңғай дистрибьютордың өз логистикалық инфрақұрылымы жоқ. Логистиканың 90 пайызы үш компанияның қолында. Осындай монополизация логистикалық шығындардың 1,5 есе өсуіне ықпал етті.

«СҚ-Фармацияның» үстеме бағасы (оны комиссиясы деп те айтуға болады) 7 пайыз. Бұл қосымша салық сияқты. Бір бөлігін олар өз шығындарына пайдаланса, бір бөлігін пайда ретінде, бір бөлігін дивиденд ретінде бюджетке қайтарады. Бұл да парадокс.

Бірыңғай дистрибьютор 491 миллиард теңгеге сатып алу жүргізсе, оның басым бөлігін тікелей зауыттардан емес, жергілікті дистрибьюторлар арқылы сатып алған. Сонда біз бұл ұйымды не үшін құрдық? Неліктен ол зауыттардан тікелей сатып алмайды? Әрине, сұрақ көп.

Бір препараттар қоймаларда шіріп, есептен шығарылып жатқанда кейбір өмірлік маңызы бар дәрілер қолжетімсіз, 45 мың пациент дәрісіз қалған. Анықтаған шығындар мен ысыраптар 3,7 миллиард теңгеден астам, ал ықтимал шығындар 21 миллиард теңгеден астам.

3. Отандық фармөндіріс және ғылым.

Бірінші. Миллиардтар иллюзияға кетіп жатқан жоқ па? Мемлекет басшысы 2025 жылға қарай дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың отандық өндірісінің үлесін 50 пайызға дейін жеткізу міндетін қойды. 2024 жылы ол тек 15,7 пайызды құрады.

Біз импорт теңізіне батып барамыз. Дәрілердің 84 пайызын шетелден әкелеміз. 89 отандық өндірушінің тек 2 пайызы ғана дәрі шығарады, ал қалғандары маска, шприц сияқты медициналық бұйымдар өндіреді.

Осындай жұмыспен жыл соңына қарай, әрине, қойылған мақсатқа жету мүмкін емес.

Екінші. Фармөндіріс. Отандық өндірушілерді қолдауға үлкен ақша жұмсалады. Бұл – миллиардтаған субсидиялар, жеңілдікпен несие беру, кедендік преференциялар, салықтан босату, оған қоса ұзақ мерзімдік тұтыну туралы шарттар.

Осындай қолдау көрсете отырып біз қандай пайда көрудеміз деген сұрақ туындайды. Көбінесе жаңа препаратты өндірудің орнына жай ғана әдемі бөтелкелерге құйылған, шетелден келген субстанциялар емес пе деген сұрақ та туындайды. Оған қоса бұл өнімдерде отандық экономика үлесі де аз, қағаз да, шыны да көбінесе сырттан келеді деген ақпарат

бар. Сонда миллиардтаған субсидиялар мен қолдауымыз жасанды, иллюзиялық өндіріске кетіп жатқан жоқ па?

Шымылдық артына көз салып, біздің флакондарымызда іс жүзінде не құйылып жатқанын көретін уақыт жеткен жоқ па? Әлі күнге дейін локализация деңгейі белгісіз, қандай субстанция шекара арқылы кіріп жатқаны да бізге түсініксіз.

Инвестициялық келісімшарттар бойынша да сұрақ көп. Оларды белгілі бір уақыт өткен сайын жаңартып, инвесторлардың міндеттемелерін нақты көрсету керек.

Үшінші. Ғылым туралы. «QazVac»-тан басқа ештеңе шыққан жоқ деуге болады. Клиникалық зерттеулер өте аз. Соңғы он жылда тек екі препарат шығарылған – «Йод» және «Калий йодиді». Бұны әзірлеуге 4,6 миллиард теңге жұмсалса да ол тіпті формулярға да енгізілмеген, яғни қолданылмайды.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығының клиникалық зерттеулерді бекіту үшін деңгейі жеткіліксіз. Сондықтан клиникалық зерттеулерді толығымен жүргізе алмаймыз. Бұл үшін арнайы ғылыми гранттар да жоқ.

Коммерцияландыру мен жеке инвестиция туралы айтуға да болмайды.

Енді отандық фармацияны емдеуге арналған жеті қадам туралы қысқаша тоқталайын.

Бірінші. Жаңа дәрілерді тіркеу мерзімін бір айға дейін қысқарту ұсынылады. Клиникалық хаттамаларды уақытылы қайта қарауды қамтамасыз ету, олардан тиімсіз препараттарды алып тастау және қажетті дәрілерді уақытылы енгізу.

Клиникалық хаттамалар мен формулярлар жүйесін реформалау. Егер дәрі АҚШ пен Еуроодақта танылып, қолданылса, мысалы, Израиль, Сингапур, Біріккен Араб Әмірліктері FDA мен EMA тіркеген дәрілерді қайта толық сараптамадан өткізбей тіркей береді. Біз де осындай саясатты ұстануымыз керек.

Оригинал мен базалық елге қажет дәрілері үшін рәсімдерді жеңілдетуіміз керек.

Екінші. Шекті баға әлемдегідей 30 пайыздан аспауы керек. Баға белгілеу әдістемесін қайта қарау, «пайызға пайыз» қағидасын алып тастау және халықаралық тәжірибені ескеру қажет. Айта кету керек, министрлік бұл бағытта жұмысты бастады, бұйрық шықты.

Шекті бағаларды жыл сайын автоматты түрде түзетуді жаңарту керек.

Электронды баға белгілеуді бақылау жүйесін енгізу керек.

Үшінші. «СҚ-Фармацияны» реформалау қажет.

Логистиканы дамыту, бәсекелестік, есеп беру мен ашық ережелерін енгізу. «СҚ-Фармация» дәрілерді делдалдардан емес, тікелей зауыттардан сатып алуы керек. Қажет болса тиісті түзетулерді әзірлейміз.

Төртінші. Ұзақ мерзімді инвестициялық келісімшарттар тек өндірісті нақты локализациялайтындармен ғана болуы тиіс. Келісімшарттарды қайта қарап, жаңартып, инвесторлардың міндеттемелерін нақты жазу керек.

Бесінші. Ұлттық формулярға амбулаторлық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізімдеріне тек Бірыңғай дистрибьюторға енгізуге өтінім беру механизмін «бір терезе» қағидаты бойынша енгізуіміз керек.

Алтыншы. Ашық цифрлық есеп жүйесі. Клиникалық хаттамалардың өмірлік циклін басқаруға, әр пациент бойынша дәрілік заттардың көлемін бақылауға арналған ақпараттық платформаны енгізуіміз керек.

Мемлекеттік сараптама процесін электрондық форматқа аудару, яғни досьені қабылдаудан бастап шешім қабылдауға дейін және барлық есептердің ашықтығы мен жариялануын қамтамасыз етуіміз керек.

Жетінші. Ең бастысы Қазақстанның қарапайым азаматының мүддесі басшылыққа алынуы керек. Қауіпсіз, қымбат емес дәрілерге қолжетімділікті қамтамасыз ету өте маңызды.

Құрметті әріптестер, мен негізгі және жүйелі мәселелерге ғана тоқталдым. Есеп қолдарыңызда бар.

Комитет осы проблемалар бойынша заңнамалық өзгерістерді дайындайтын болады. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Асхат Қанатұлы.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшеміз.

Депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлы.

СӘРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Жоғары аудиторлық палатаның дәрі-дәрмек саласына қатысты есебінде жұрттың жағасын ұстататын жайттар өте көп екенін көріп отырмыз. Бұл жерде ауруға, дертке ем болу керек дәрі-дәрмек саласы ақшаға құныққандардың саласына айналып кеткен жоқ па деген сұрақ туады.

Мәселен, 2024 жылы еліміздің нарығындағы бар дәрі-дәрмектердің 84 пайызы шетелдік өнім екені белгілі болды. Соңғы бес жылда біздің шетелдік дәрі-дәрмектерге жұмсаған ақшамыз 1,2 миллиард доллардан 1,7 миллиард долларға дейін жетіпті. Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы 2021 жылы отандық дәрі-дәрмектердің үлесі 50 пайыз болу керек деген болатын. Ведомствоның бұған қалай жететіні түсініксіз.

Осы ведомствода медициналық дәрі-дәрмектерді сатып алуда жүйелі жоспардың жоқ екенін көруге болады. Соның салдарынан медициналық ұйымдар сатып алынған дәрілерден бас тартып жатыр. Оның құны 2,8 миллиард теңгеге жетті. Артынша олар есептен шығарылып, қажетсіз болып қалды. Бұл тиісті жоспарлаудың болмауы.

Тағы бір мәселе. Азаматтарымызға берілетін 68 мың дәрі-дәрмектің жарамдылық мерзімінің өтуіне екі-үш күн қалғанын Жоғары аудиторлық палатаның есебінен де көруге болады. Мәселен, бүгін сәрсенбі, сенбі күні жарамдылық мерзімі өтетін дәрі-дәрмектерді ауру азаматтарымызға ұстатып жіберген. Салдарынан 2022 – 2024 жылдары бюджетке келген шығын 154,6 миллион теңге. Бұл ақша, ал адамдардың өмірі, сол дәрі-дәрмекке сеніп барған азаматтардың тағдыры не болды деген сұрақ туады.

Бірінші сұрақ. Мемлекет басшысының қойған тапсырмасын қашан, қалай орындамақсыздар?

Екінші сұрақ. Есептен шығарылған дәрі-дәрмектердің құнын кім өтейді, яғни 2,8 миллиард теңге қайда кетті?

Үшінші сұрақ. Азаматтарды қажетті дәрі-дәрмекпен дер кезінде қамтамасыз етпеген мамандарға қандай шара қабылданды, кім қалай жауапқа тартылды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Ардақ Амангелдіұлы.

АМАНГЕЛДИЕВ А.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бірінші сұрақ бойынша. Бұл мәселені шешу үшін біз департамент құрып, жұмысты жүйелі түрде жүргізіп жатырмыз. Қазір қолданыста 34 тауар өндіруші бар, 90 шарттың негізінде 507 дәрі-дәрмек және 2 мыңдай медициналық бұйым өндіріледі.

Қолданыстағы шарттардан басқа жеті жоба бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Инвестиция көлемі 650 миллион доллар. Осыны жұмысқа енгізсек, 2029 жылы қосымша өндірілетін өнім 300 миллион долларға жетеді деген жоспарымыз бар. Жеті жоба 14 пайызға өсіреді деп отырмыз. Басқа да жұмыстар жасалып жатыр.

Мерзімі біткен дәрі-дәрмектер жөнінде. Бұған медициналық мекемелер жауап береді. Аудит нәтижесі бойынша біз тексеру тобын құрып, «СҚ-Фармацияда» тексерісті бастадық. Бұзушылықтар дәлелденгеннен кейін медициналық ұйымдардың басшылары жазаға тартылады. Тексеріс аяқтағаннан кейін қосымша ақпарат береміз. Ол жұмыстар енді басталды.

ТӨРАҒА. Құнын кім төлейді деген сұрақ болды. Депутат Сәрсенғалиев.

СӨРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

2,8 миллиард теңге қайда кетті? Есептен шығарылған дәрі-дәрмектердің құнын кім төлейді?

Мемлекет басшысының 50 пайыз межеге жету деген тапсырмасына біз биыл жетеміз бе? Фармацевтиканың іргетасы – ғылым. Ал біз 2022 – 2024 жылдарға медицина ғылымына 58 миллиард теңге жұмсадық. Бірақ нәтиже көрінбейді. Биыл отандық өнімнің үлесі 15 пайыз. Мемлекет басшысы 2025 жылға 50 пайыз межесін қойды. Биыл оны 35 пайызға жеткізесіздер ме, жоқ па?

ТӨРАҒА. Ардақ Амангелдіұлының микрофонын қосыңыздар.

АМАНГЕЛДИЕВ А.А. 2029 жылы тағы 30 пайызға жеткізу жоспарда бар. 2,8 миллиард теңге бойынша тексеріс жүріп жатыр. Мән-жайын тексеріп, анықтап, сосын шара қолданамыз.

ТӨРАҒА. Депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлы.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован исполняющему обязанности Министра здравоохранения.

Отдельно хочу остановиться на научных достижениях в фармакологии. Сегодня об этом уже говорилось в двух докладах, но повторяюсь.

Согласно аудиту, в Казахстанский национальный лекарственный формуляр не был включен препарат «Йод и калия йодид», который разрабатывался на протяжении 16 лет, на него из бюджета было выделено почти 5 миллиардов тенге. При этом он также отсутствует и в клиническом протоколе диагностики и лечения туберкулеза.

Есть еще один факт: за последние десять лет по итогам проведенных доклинических и клинических исследований в Казахстане зарегистрировано всего лишь два препарата – «Розеофунгин» и «Танерин». При этом «Танерин» так же, как йод, не был включен в лекарственный формуляр.

Чем можете объяснить крайне низкий уровень вывода отечественных научных разработок на рынок и их неэффективное использование?

Почему было потрачено 16 лет и 5 миллиардов тенге на разработку, а йод не включили ни в формуляр, ни в клинические протоколы?

Может быть, при таких фактах и нет смысла финансировать фарма науку, следует отказаться от существенных затрат на науку из бюджета, а просто на эти средства закупать препараты? Или все-таки есть другие пути решения данного вопроса? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ардақ Амангелдіұлының микрофонын қосыңыздар.

АМАНГЕЛДИЕВ А.А. Спасибо за хорошие вопросы.

Разработка лекарств – это длительный и дорогостоящий процесс, как правило, успешно заканчивается выработкой конкретных формул от 0,01 до 0,001 процента исследований, которые проводятся. В этой связи, как вы знаете, многие зарубежные компании патентуют свои лекарства, и очень долго эти патенты держатся, оправдывая соответствующие затраты и инвестиции в разработку новых формул. Вместе с тем в Казахстане эта наука имеет место быть, мы осуществляем соответствующие инвестиции в разработку новых препаратов.

По препарату, который Вы сейчас упомянули (4,6 миллиарда и около 15 лет). Эта разработка находилась в ведении Министерства индустрии и инфраструктурного развития. Понятно, что инвестиционная часть находится на их стороне, мы – в части регистрации.

По результатам ВАП были выписаны соответствующие предписания. Конечно, о возвратности речи не идет, поскольку это и есть научные исследования, но эти исследования должны продолжаться.

ТӨРАҒА. Депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне.

Құрметті Ардақ Амангелдіұлы, сұрағым дәрі-дәрмекке баға белгілеудегі кемшіліктер туралы.

Аудиторлық есепке сүйенсек, дәрі-дәрмекке шекті бағалардың құны айтарлықтай деңгейде ескірген және қайтадан жаңармаған. Мәселен, соңғы төрт жылда дәрі-дәрмек бағасының 85 пайызы мүлдем жаңармаған. Соның салдарынан бағаның сәйкессіз лимиті қалыптасып, төмен бағаға байланысты көптеген тендерлер мүлдем өткізілмеді деп танылды.

2022 – 2024 жылдар аралығында 98 атаудағы дәрі-дәрмек сатып алынбаған және сәйкесінше 45 мың 117 науқас олармен қамтамасыз етілмеген.

Министрлік бағаның максималды мөлшерін қайта қарау және әдістемені өзгерту үшін неге дер кезінде шаралар қабылдамады? Бүгінгі таңда бұл кемшілікті жою үшін министрлік тарапынан қандай шаралар жүзеге асырылуда?

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау министрлігі. Ардақ Амангелдіұлы.

АМАНГЕЛДИЕВ А.А. Рұқсат болса, Ержан Шәкірұлы жауап берсін.

ТӨРАҒА. Ержан Шәкірұлы.

НҰРЛЫБАЕВ Е.Ш. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Жұлдыз Досбергенқызы, кешірім сұраймын, сұрағыңызға орыс тілінде жауап берейін.

Неоднократно звучали претензии к отраслевому министерству в отношении непрозрачной методики ценообразования, отсутствия логики и, как сегодня отметил Асхат Канатович, ценообразование происходило «процент на процент», то есть рост цены на лекарственные препараты шел в арифметической прогрессии.

В прошлом году была создана межведомственная рабочая группа с участием сотрудников АФМ, Антикоррупционной службы. Методика была изменена. Мы внедрили так называемое референтное ценообразование, исключили все необоснованные наценки. К примеру, маркетинговая наценка составляла 30 процентов. В общей сложности на сегодня к цене завода-производителя добавляются две наценки. По ГОБМП и ОСМС эта наценка составляет порядка 20 процентов (опт и розница), другая наценка не превышает 30 процентов.

Для определения оптимальной стоимости и предельной стоимости лекарственных препаратов используется информация смежных государственных органов. Министерство финансов обеспечит нам в ближайшее время доступ к информационной системе «Кеден», откуда мы будем получать оптимальную информацию для ценообразования. Также КГД дает нам возможность подключиться к их информационной системе, чтобы мы получали оперативную информацию из розничной аптечной сети. На основании получаемой информации будет формироваться объективная предельная стоимость. До 1 июля по новой методологии будет произведен перерасчет более 5 тысяч лекарственных препаратов, которые зарегистрированы на территории Республики Казахстан.

Что касается заявочной кампании. Действительно, Жулдыз Досбергеновна, Вы правы. К сожалению, существовавшая методика формирования заявок на лекарственные препараты была обезличена, отсутствовала методика персонификации, то есть привязки определенного объема лекарственных препаратов к конкретному пациенту с учетом его заболевания и схемы лечения, назначенной врачом. С апреля текущего года нами реализуется программа по персонифицированному сбору заявок, когда определенный объем лекарственных препаратов привязан непосредственно к отдельно взятому пациенту, к его ИИН.

Таким образом, у нас идет формирование объемов лекарственных препаратов с низовых форм – от участкового терапевта в разрезе отдельно взятого юридического лица

(поликлиники), формируется лекарственная заявка в разрезе региона. В итоге у нас формируется общереспубликанская заявка на лекарственные препараты, где можно отследить объем заявленного лекарственного препарата на отдельно взятого пациента.

Учитывая то, что в прошлом году была реализована программа маркировки, это облегчает нам мониторинг движения лекарственных препаратов до каждого пациента, начиная с момента вхождения его на территорию Республики Казахстан. Сам отпуск лекарственных препаратов будет сопряжен с использованием так называемых биометрических технологий, чтобы мы могли убедиться, что пациент, на которого заявлен этот лекарственный препарат, действительно его получил. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Мысырәлімова Айна Ермекқызы.

МЫСЫРӘЛІМОВА А.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован Председателю Высшей аудиторской палаты.

Уважаемый Алихан Асханович, Вы сегодня озвучили результаты 2022 – 2024 годов. Мы видим, какая кропотливая работа проведена по проверке министерства и его подведомственных организаций. Честно говоря, от шокирующего фактажа, которого хватает с лихвой, чувство морального и физического истощения. Наверное, у всех сегодня такое настроение. Однако меня интересует другое.

Из отчета мы видим, что многие ваши рекомендации не исполнены, а исполнение остается на усмотрение самого государственного органа. Вы проверили, затем пошумели, раздали релизы. По некоторым недостаткам Министерство здравоохранения отрапортовало, что издало приказ, исправило ситуацию, а вы поставили «галочку», что исполнено. А на самом деле что изменилось? Как было в 2022, 2023, 2024 годах, все так и осталось: цены те же самые, еще и дальше растут, нарушения те же. Потери бюджетные выросли еще больше.

Алихан Асханович, скажите, пожалуйста, почему не исполняются ваши рекомендации, что мешает? Кроме того, в отношении кого и какие приняты меры ответственности в связи с баснословными потерями бюджетных средств?

Как Вы считаете, что и как необходимо срочно изменить на законодательном уровне, чтобы эффективно использовать бюджетные средства и обеспечить наших граждан лекарствами, доступными по цене, безопасными и качественными? Спасибо.

ТӨРАҒА. Әлихан Асханұлы Смайыловтың микрофонын қосыңыздар.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопросы, очень правильные вопросы Вы ставите.

По итогам аудита в июле прошлого года мы дали соответствующие рекомендации Правительству и поручения Министерству здравоохранения. Если быть точным, мы дали Министерству здравоохранения 36 поручений по всем вопросам, которые выявили в рамках аудита. Из них 25 поручений Министерством здравоохранения было исполнено, из которых 4 – в декабре, 21 – в первом квартале текущего года, 11 находится на исполнении.

Основная масса поручений исполняется в текущем году, естественно, по итогам аудита по прошлому году мы результатов не увидели. Соответственно, во втором аудите,

который мы проводили в первом квартале по прошлому году, увидели те же самые нарушения, что и за 2022, и 2023 годы.

Хочу сказать, что исполнение идет, но имеет место затягивание решение вопросов со стороны Министерства здравоохранения. Мы со своей стороны будем контролировать исполнение данных поручений и информировать Парламент.

Что касается мер ответственности, то по итогам аудита к административной ответственности в виде штрафа был привлечен генеральный директор НЦЭЛС. Министерством здравоохранения были освобождены от занимаемых должностей первые руководители «СК-Фармация», Национального центра экспертизы лекарственных средств и Комитета фармконтроля.

Относительно внесения изменений в законодательство. По результатам аудитов мы дали соответствующие предложения, в том числе по внесению изменений в Кодекс о здоровье народа и ряд подзаконных актов. На наш взгляд, в первую очередь необходимо пересмотреть процедуры ввода лекарственных средств на внутренний рынок, надо максимально сократить бюрократию, о чем Асхат Канатович хорошо сегодня сказал в своем докладе.

Кроме того, необходимо пересмотреть механизмы поддержки отечественных товаропроизводителей, чтобы мотивировать их максимально локализовывать и расширять ассортимент лекарственных средств.

В-третьих, предельные цены не должны быть ни завышены, ни занижены, поскольку то и другое приводят к негативным последствиям, как мы видим.

В-четвертых, необходимо персонифицировать учет выдачи лекарственных средств пациентам в рамках бесплатного амбулаторного лекарственного обеспечения. Мы считаем, что это первостепенно надо сделать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Зайыт Ринат Рифхатұлы.

ЗАЙЫТ Р.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мен алдымен Жоғары аудиторлық палатаның сапалы жүргізген жұмыс есебіндегі бір сөйлеммен бұл мәселенің маңыздылығын атап өткім келеді.

«Фармацевтикалық нарықта жоғарғы импортқа тәуелділік денсаулық сақтау жүйесіндегі тұрақтылыққа және ұлттық қауіпсіздікке алаңдарлықтай қауіп төндіреді». Бұл Жоғары аудиторлық палатаның есебі.

Осында Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау орталығының өкілі бар ма, сұрағымды сол кісіге қояйын деп едім.

Жаңа Смайылов мырза біраз мәселені көтерді, соның ішінде дәрілік заттарға сараптама жүргізу мерзімдеріне тоқталып кетті. 98 пайызы белгіленген мерзімнен асып қаралғаны анықталған. 2024 жылдың қорытындысы бойынша орташа мерзімі 334 күн болған, норма бойынша 210 күн, кейбір жағдайларда 970 күнге жетті дейді. Бұл үш жылға жуық уақыт.

Сондай-ақ дәрі-дәрмектерге сараптама жүргізу кезінде ерекше көзқараспен таңдау тәсілі фактілері де анықталады. Нақты мысалмен айтайын, «Кластеон» дәрісінің

сараптамасы 1 мың 275 күн болса, «ДОСФАРМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтініші небәрі 25 күнде қарала салады.

Сараптама мерзімдерінде бұндай ерекше көзқараспен таңдауға неліктен жол берілгенін түсіндіріңізші. Бұл жемқорлық емес пе?

Дәрілік заттарды жедел тіркеуге жол берген қызметкерлерге қандай шара қолдандыңыздар?

Мұндай жағдайларды болдырмау үшін жағдайды қалай өзгерту керек? Рақмет.

ТӨРАҒА. Вице-министр Ержан Шәкірұлының микрофонын қосыңыздар.

НҰРЛЫБАЕВ Е.Ш. Уважаемый Ринат Рифхатович, абсолютно верное замечание.

Действовавшая до этого модель имела определенные изъяны. Во-первых, это большое влияние человеческого фактора на сроки проведения экспертизы; во-вторых, возможность приоритизации сроков проведения экспертизы. Это мы не исключаем, к сожалению, это имело место быть.

Что нами сделано? В апреле текущего года вышло спецпостановление Правительства о внедрении так называемой композитной услуги. Сегодня Асхат Канатович говорил о том, что страны с сильной регуляторной системой не нуждаются в дополнительном прохождении экспертизы на территории Республики Казахстан. Это было принято во внимание, и так называемая композитная услуга у нас будет работать по принципу «одного окна», когда заявитель подает документы, контакт с экспертом минимизирован (вернее, практически отсутствует).

Проведена оптимизация всех внутренних производственных процессов, что позволит нам проводить процедуру в течение 100 дней. Это будет регламентировано соответствующим отраслевым приказом. В настоящее время это у нас реализуется в пилотном режиме, совместный с МЦРИАП приказ уже вступил в силу, мы начали выдавать соответствующие регистрационные удостоверения по указанной методологии.

Странам с сильной регуляторной системой при предоставлении соответствующих документов срок выдачи регистрационного удостоверения будет составлять 15 рабочих дней. Соответственно, данная методика нами будет полноценно оцифрована и реализована в июле текущего года, она призвана устранить все указанные замечания.

Сейчас мы отработываем с фармсообществом и бизнес-сообществом. У них есть определенные вопросы, есть предложение добавить эту композитную услугу после отработки с ними всех вопросов, появится окончательная редакция объединенного приказа. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Зайыт. Екінші рет.

ЗАЙЫТ Р.Р. Рақмет.

Жалпы, Президент кім қандай тілде сұрақ қойса, сол тілде жауап алуға құқылы деген болатын. Жарайды, оған тоқталмай-ақ қояйын. Менің сұрағымды түсінбей қалды-ау деймін, сондықтан сұрағымды қайталайын.

Вопрос не был в том, что вы собираетесь делать, был конкретный вопрос: почему у вас такие избирательные методы к экспертизе лекарственных препаратов, это не коррупция? Вы не ответили. Какие меры вы приняли в отношении людей, которые позволили такое сделать?

Третий вопрос был: что вы предпринимаете, чтобы такое не повторялось? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Шакирович, пожалуйста, ответьте. Теперь легче будет, наверное, ответить.

НҰРЛЫБАЕВ Е.Ш. Ринат Рифхатович, большой рақмет, что Вы дали пояснение по своим вопросам.

Почему была возможной приоритизации той или иной заявки в отношении сроков выдачи регистрационного удостоверения? Потому что сохранялся непосредственный контакт с экспертом – это первое. Отсутствие прозрачности проведения самой процедуры – это второе. Третье – это возможность необоснованной пролонгации рассмотрения заявки и низкий уровень оцифровки самих производственных процессов. В настоящее время после реализации композитной услуги, о чем я сейчас рассказывал, приоритизация рассмотрения заявки на лекарственные препараты и изделия медицинского назначения будет устранена абсолютно.

Что касается лиц, понесших наказание по фактам, которые Вы указываете. Разрешите я подробно отдельно предоставляю информацию в письменном виде, кто и по какой причине был уволен. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Базарбек Бақытжан Жұмабекұлы.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован представителю «СК-Фармации» и исполняющему обязанности Министра здравоохранения.

Согласно отчету, в рамках реализации Концепции развития здравоохранения по направлению «Совершенствование системы медицинской и фармацевтической науки» были предусмотрены достижение двух целевых индикаторов и реализация тринадцати мероприятий. Из них семь мероприятий планировалось к исполнению в 2023 году. Однако анализ показал, что один из ключевых индикаторов – «Доля аккредитованных лабораторий/центров на соответствие международным стандартам» – установлен некорректно, что существенно затрудняет объективную оценку эффективности всей программы. Более того, Министерством здравоохранения была представлена недостоверная информация по другому индикатору «Средний индекс Хирша персонала организаций медицинского образования и науки».

Также зафиксированы случаи неисполнения двух мероприятий, одно из которых было выполнено с опозданием, а другое – с нарушением качественных показателей. Несмотря на это, в отчетах уже демонстрируются якобы положительные итоги, создающие иллюзию успешного хода реализации программы, срок которой заканчивается только в 2026 году.

Возникает вопрос: насколько объективно оцениваются итоги реализации концепции, каковы реальные перспективы достижения всех целевых показателей в установленные сроки? Не станет ли практика искажения промежуточных результатов барьером для качественного анализа и принятия управленческих решений?

Может быть, все-таки Министерству здравоохранения нужно отказаться от фармацевтической промышленности и курации медицинского образования? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ардақ Амангелдіұлы.

АМАНГЕЛДИЕВ А.А. Спасибо за вопросы.

Понятно, что в вопросах стратегического планирования и стратегических документов есть определенные системные упущения. В рамках нового Бюджетного кодекса, как вы знаете, все процедуры пересмотрены, ужесточена ответственность. Я думаю, эти законодательные изменения повлекут за собой изменения и на уровне Министерства здравоохранения.

В отношении медицинского образования. Однозначно это прерогатива Министерства здравоохранения, так как тут вопросы и планирования, и содержания государственных образовательных стандартов, и соответствующей политики по

определению специальностей. Медицинское образование должно оставаться в системе Министерства здравоохранения. Так же, как и наука, будучи специфичной отраслью.

ТӨРАҒА. Депутат Смолякова Екатерина Сергеевна.

СМОЛЯКОВА Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым Денсаулық сақтау министрлігіне.

Қазақстанда 10 мың 354 дәріхананың тек 1 мың 330-ы ғана Good Pharmacy Practice халықаралық стандартқа сәйкес келетіндігі туралы сертификат алған. Бұл көрсеткіш қалған 9 мың дәріхананың қызығушылығы төмен екендігін көрсетеді.

Бұл стандарт жай ғана талап емес, дәл осы талаптар дәрі-дәрмектің сапалы өндірілуін, тасымалдануын, сақталуын және сатылуын қамтамасыз етеді.

Осы ережелердің сақталмауы адамның денсаулығына зиян келтіріп, тіпті өлімге де әкеп соқтыруы мүмкін.

Министрлік осы бағытта нақты қандай жұмыстар атқарып жатыр? Халықаралық стандарттарды енгізбеген 9 мың дәріханаға қатысты қандай нақты шаралар қабылданады? Олар қашан сертификаттар алады?

Жалпы, түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет деп санаймын, себебі бұл стандарт енгізбеген бизнес өкілдері үшін де үлкен мәселе болып отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ардақ Амангелдіұлы.

АМАНГЕЛДИЕВ А.А. Бұл 2026 жылы аяқталуға тиіс болатын. Баяу жүріп жатқандықтан 2027 жылы аяқтау жоспарлануда.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталған жоқ, бірақ сұрақ қоюға берілген уақыт аяқталды. Сұрақ қоюға жазылғандар ойларын жарыссөзде айтуларына болады.

Енді талқылауға көшеміз.

Депутат Сағандықова Ажар Бақытқызы.

САҒАНДЫҚОВА А.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Я хотела задать вопрос, но сейчас у меня будет, наверное, больше короткая реплика.

Мы сейчас много говорили о регуляции торговли фармацевтикой, лекарственными препаратами. А как это контролируется на маркетплейсах? Сейчас в Kaspi появился магазин «Аптека», в OLX можно спокойно купить препараты, причем без рецепта. Такие опасные препараты, как антибиотики, которые должны проходить сначала исследования на аллергические реакции и другое, можно купить в свободном доступе. Даже препараты, содержащие психотропные вещества, такие как «Трамадол», спокойно продаются на электронных торговых площадках. Насколько я понимаю, никто это не контролирует.

По-моему, сейчас задача Министерства здравоохранения заняться не только проверкой аптек, но и различных электронных торговых площадок. Спасибо.

ТӨРАҒА. Келесі сөз депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлына беріледі.

ӘЛТАЙ А.Д. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Фармацевтика саласындағы өрескел қателіктер туралы әріптесім Асхат Қанатұлының баяндамасында жан-жақты айтылды.

Қазір дәрілермен қоса биоқоспалардың да нарығы қызып тұр. Қызып тұрғандығы соншалықты өнер жұлдыздары, блогерлер, әртістер, басқа да танымал адамдар осы биоқоспалардың жарнамашысы болып кетті. Бір биоқоспаның бағасы кітапханашының айлық жалақысынан бірнеше есе асып кетуі де мүмкін.

Олардың қайсысы денсаулыққа пайдалы, қайсысы зиянды, олардың өзіндік бағасы, нарықтағы бағасы қаншалықты шындыққа сәйкес келетінін тексеріп, оған бақылау болу керек, оны реттеу керек деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сабильянов Нұртай Салихұлына беріледі.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, жалпы, қаралып жатқан мәселе өте өзекті. Жоғары аудиторлық палата өте жақсы әрі жан-жақты талдау жасаған. Осы талдаудағы ұсыныстарды Үкімет орындауы керек.

Мен дәріханаларға беріліп жатқан халықаралық сертификат жөнінде айтпақшымын. GPP сертификаты қазіргі кезде барлық дәріханаларда жоқ. Жоғары аудиторлық палата өзінің қорытындысында оны көрсеткен. Оны алу қиын болғандықтан көптеген дәріханалар оған қол жеткізе алмай отыр. Сондықтан бұл мәселені біз қайта қарауымыз керек.

Біздің комитет 2023 жылы осы халықаралық сертификатты беру мәселесін үш жылға созу керек дегенде көптеген лоббистер оған қарсы тұрған. Бәрі халықаралық стандартта болуы керек. Бізде дәріхана саласында да монополистер бар, солар қарсы болды, содан екі жылға ғана создық.

Меніңше, бұны бес жылға созуымыз керек. Өйткені ауылдық жердегі дәріханалар халықаралық стандартқа сай келмейді, бірақ Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сай келеді, ешқандай мәселе туындамайды. Егер біз қазір оларды жабатын болсақ, онда монополистер дәрі-дәрмек бағасын көтеріп одан сайын қиындатып жібереді. Сондықтан осы ұсынысты министрліктің қолдауын сұраймын.

Тауар өндірушілер жөнінде. 258 миллиард теңгеге «СТ-KZ» сертификатынсыз тауар алынған. Импорттық өнімді отандық өнім ретінде сататындарға жауапкершілік болу керек. Қанша тауар алды, сонша оған айыппұл салынуы керек. Сондықтан біз Парламентте бастамашылық жасап, қазақстандық тауар өндірушілердің реестрін заңға енгіздік. Бұл ақпараттық жүйе. Енді медициналық өнімдерді сататын 207 тіркелген компания осы тауар өндірушілердің реестрінде болуы керек. Оны жүргізетін Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі. Ол реестрде болмаса, онда олар тауар өндірушілер емес.

Ұзақ мерзімді келісімшарттар жөнінде. Ол мәселе осыдан он бес жыл бұрын басталған,. Сонда бізге тауар өндірушілерге ұзақ мерзімді келісімшарт жасасып, салықтық жеңілдіктер, преференциялар беретін болсақ, ертең отандық өндірісіміз дамиды деген болатын. Қайдағы дамыған, бізде бар-жоғы 34 компания, үш жылдың ішінде оларға 148

миллиард теңгеге жеңілдік берілген. Меніңше, осы жеңілдіктерді де қысқартуымыз керек, бәрін бәсекелестік ортаға жіберуіміз керек, сонда ғана бізде монополист болмайды, бәсекелестік болады және дәрі-дәрмектердің бағасы да түседі. Жалпы, «СҚ-Фармацияның» қызметін қайта қарау керек, ол монополист. Тіпті «СҚ-Фармацияны» жабу керек, қажеті жоқ. Өйткені бізде тауар өндірушілердің реестрі болады.

Сондықтан осы мәселені жан-жақты қарап, заң арқылы реттеуіміз керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Ескендіров Мұқаш Зұлқарнайұлына беріледі.

ЕСКЕНДІРОВ М.З. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

После обсуждения отчета Высшей аудиторской палаты мы видим, что присутствует чрезмерная концентрация в одном ведомстве: производство лекарств, медицинских изделий, лечение, больницы, поликлиники.

Министерство здравоохранения с вопросом доведения доли отечественного производства медицинских изделий и лекарств до 50 процентов не справляется. Наверное, несвойственные функции министерства надо все-таки передать другим ведомствам: разработку и производство лекарственных препаратов передать ведомству, которое занимается промышленной политикой; методологию, регуляторику и ценообразование – другому органу; закуп и использование оставить за Министерством здравоохранения.

Я второй год занимаюсь фармкомпаниями на юге Казахстана (Алматы и Шымкент, Жамбылская область), которые стоят три года, как они построены, не могут реализовать свою продукцию из-за бюрократии в Министерстве здравоохранения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Дайрабаев Жигули Молдақалықұлына беріледі.

ДАЙРАБАЕВ Ж.М. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Жоғары аудиторлық палатаның есебін тыңдадық. Әлихан Асханұлы, біраз тірліктің көзін ашыпсыздар.

Көріп отырмыз, медицина саласында осындай бір келеңсіз, ретсіз тірліктер жүріп жатыр екен. Шерхан Мұртазаның «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөздері есіме түсіп отыр. Сол сияқты денсаулық саласының өзі терең дағдарыс пен ұзаққа созылған ауруға айналған екен. Жіберілген кемшіліктердің бәрі масқара.

Менің төрт-бес сұрағым бар еді, қоймадым, жарыссөзде айтатын сөзімді де қысқартып отырмын.

Парламентке келген азаматтар жауапкершілікті сезінуі керек қой деп ойлаймын. Берілген сұраққа сіздер адвокат сияқты жауап бересіздер, ұялып, қызарып, біздің салада осындай кемшіліктер бар, біз оларды жөндейміз, халықтың алдында жауаптымыз демейсіздер. Сіздер осындай тірліктеріңізбен мемлекеттің абыройын түсіріп жатырсыздар. Мына цифрлар масқара ғой. Жалпы, бұл мемлекетке нұқсан келтіретін іс.

Мемлекет сіздерге 148 миллиард теңге бөліп көмектеседі екен. Елімізге сырттан 259 миллиард теңгеге сертификатсыз дәрі-дәрмек әкелінген. 181 пайыз дәрі-дәрмек бізге қарағанда Ресейде арзан. Жаңа әріптесім Башимов мырза 600 есеге қымбат деді. Масқара ғой! Бұл қандай мемлекет? Сіздер қайда қарап отырсыздар? Бұл масқара тірлік қой! Мұндай

жүгенсіздікке жол беруге болмайды. 32 миллиард теңгенің дәрі-дәрмегі бақылаусыз пайдалануға берілген дейді.

Сондықтан бұл салаға реформа жүргізіп, жемқорлықтан толық тазалау керек. Сөзім өте ме, өтпей ме, білмеймін, бірақ мен бұны азамат ретінде айтып отырмын. Бұл өте ұят жағдай.

Бүгін депутаттар денсаулық сақтау саласының басшыларына сенімсіздік білдіруі керек. Бұл саладағы кемшіліктерге енді төзуге болмайды! Ерлан Жақанұлы, бұл мәселеге қатысты әлеуметтік желілер арқылы бізге күнде хат келеді.

Сіздер осы саланы қаладыңыздар ма, медицина мамандығын таңдадыңыздар ма, онда соған сәйкес жұмыс істеулеріңіз керек. Мемлекет тарапынан, Үкімет тарапынан, Президент тарапынан көмек болып жатыр. Ауылдық деңгейге дейін жаңадан медпункттер, ауруханалар салынып жатыр. Сол салынып жатқан ғимараттардың бәрі тиімді пайдаланылуы керек, дәрі-дәрмек қолжетімді болуы керек. Дәрі-дәрмек бағасы көрші Ресейден 181 есе қымбат деген ол сұмдық қой! Бұдан кейін сіздерге қандай баға беруге болады? Мүмкін сіздердің орындарыңызға мықты жұмыс істейтін азаматтар табылатын шығар. Сіздер жауапкершілікті сезініп отырған жоқсыздар.

Ерлан Жақанұлы, иә, мен кішкене эмоцияға беріліп сөйлеп отырмын. Жалпы, бұл азаматтарда бір жауапкершілік болу керек. Осыны айтайын деп едім. Сөз бергеніңізге рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Базарбек Бақытжан Жұмабекұлына беріледі.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Я лично ознакомился с аудиторским отчетом Высшей аудиторской палаты за 2024 – 2025 годы. Действительно, факты шокируют, мягко говоря. На ум приходят такие ассоциации, как фармацевтическая мафия, лобби фармацевтов, приписки, мошенничество с лекарствами.

Сейчас мы наблюдаем очень интересную вещь. Высшая аудиторская палата делала аудит по многим министерствам, никогда я не видел такого неприятия очевидных фактов, которые выявила Высшая аудиторская палата, как сегодня Министерством здравоохранения. Сами представители Министерства здравоохранения, «СК-Фармации» и других подведомственных предприятий просто-напросто нам сейчас в лицо говорят: у нас все чисто, прекрасно, никакого мошенничества, никакой коррупции, никакой мафии не существует, цены нормальные, это вы, депутаты, ошибаетесь.

Получается, Высшая аудиторская палата ошибается, она допустила ошибку, неправильно выявила, а народ, который постоянно к нам обращается, тоже ошибается. Так получается?

Хочу обратить внимание коллег на несколько фактов, которые я выявил по итогам отчета Высшей аудиторской палаты.

То, что лекарства закупались выше рыночных цен на 365 процентов, об этом уже коллеги сказали, но нанесенный ущерб бюджету – это 8 миллиардов тенге. Благодаря некачественному планированию со стороны «СК-Фармация» в 2023 году медицинские

организации отказались от закупа препаратов, которые уже закупили на сумму 2,8 миллиарда тенге. Списано лекарственных средств на 280 миллионов тенге. Извините, это же бюджетные средства, это народные средства! То есть фактически распоряжаются, как своими деньгами.

Я хочу остановиться на таком факте – регистрация экспертизы, допуск лекарственных препаратов к обращению. Тут сложились дикие законы рынка, лобби и коррупция в угоду конкретного производителя лекарственных препаратов, не допускаются на рынок лекарственные препараты других игроков.

Официально регистрацией экспертизы и допуском лекарственных препаратов к обращению занимается организация под названием НЦЭЛС – Национальный центр экспертизы лекарственных средств при Министерстве здравоохранения, он проводит экспертизу лекарственных препаратов, лабораторные испытания и решает, какие препараты нужно регистрировать, а какие нельзя. Этим правом НЦЭЛС может спекулировать в пользу конкретного производителя лекарственных препаратов, ущемляя других, чтобы на рынке был один препарат и его покупали.

Как это делается? Так, полный цикл экспертизы лекарственных препаратов перед тем, как он выйдет в обращение, составляет всего лишь 10 дней. Но эти сроки для избранных, для неугодных производителей лекарственных препаратов затягиваются до 450 дней! Это 1541 заявка. По 99 процентам заявок превышен срок. Депутат Ринат Зайыт об этом четко и ясно сказал.

Еще один жуткий пример. По препарату под названием «Кластеон» заявка была принята 30 июня 2021 года, а препарат прошел экспертизу и был одобрен 25 декабря 2024 года! Между принятием заявки и ее одобрением прошло три года, 1270 календарных дней, когда по требованию должно быть 210 календарных дней. Мы задаемся вопросом: кому это выгодно?

По лекарственному препарату «Надропарин кальция» заявка была подана в 2021 году, а допущено лекарство через 960 дней – в феврале 2024 года. За это время из-за затянувшейся регистрации препарата «Надропарин кальция» единственный поставщик – ТОО «Казахстанская фармацевтическая компания «Медсервис плюс» – в условиях отсутствия конкуренции (сами исключили эту конкуренцию) закупает такой же препарат под названием «Фраксипарин» по максимальной стоимости.

Удивляют также мистические явления, когда единый оператор, который ранее, пользуясь отсутствием конкуренции, дико и жадно закупал препараты по космической цене у своего лоббируемого поставщика, резко снижал цены на препараты, вплоть до экономии на 100 миллионов тенге, после допуска и появления конкурентного лекарственного препарата.

У лоббируемых единым оператором поставщиков сроки рассмотрения заявок на регистрацию, перерегистрацию и экспертизу не затягивались, как у их конкурентов, на три года, они оперативно регистрировались в течение 25 дней. Шокирует также тот факт, что эксперты, рассматривавшие заявки, одновременно работали в этих фармацевтических компаниях.

Вот как работает эта схема лоббизма фармацевтических компаний в здравоохранении: «СК-Фармация» – как единый оператор, как национальная компания –

выбирает единственного поставщика, а с 2021 года это одно и то же юридическое лицо, и в сговоре с НЦЭЛС выводит из игры потенциальных поставщиков, затягивая экспертизу лекарственных средств; за это время в условиях отсутствия конкуренции единственный поставщик по указке «СК-Фармации» закупает по завышенной цене у нужного поставщика лекарственные средства за народные, бюджетные деньги. Кто смог выйти на «СК-Фармацию» и единственного поставщика, тот и рулит рынком фармацевтики в стране. Вот это реалии.

Еще один момент касательно сертификации. Выше я назвал коррумпированную схему экспертизы и закупа лекарственных препаратов и медицинских изделий, но еще есть схема сертификации лекарственной продукции, которая тоже проходит через НЦЭЛС, единого дистрибьютора, и упирается в КМФК Министерства здравоохранения.

Я расскажу лишь об одном факте. За 2024 год из-за коррумпированности системы сертификации фармацевтических продуктов 23 миллиона лекарственных препаратов, жадно закупленных на народные 11 миллиардов тенге, не проходили государственную экспертизу и сертификацию, то есть они фактически «черным» путем зашли на рынок. Ими лечат наших граждан.

В курсе ли общественность и народ, что из-за коррупции и «серых» схем в пользу фармацевтической мафии по 1495 наименованиям лекарственных препаратов и медицинских изделий, которые завозятся в страну из-за рубежа, не предоставлены образцы продукции, они не прошли обязательную процедуру испытания?

Есть вопросы и по принятию решения об отзыве лекарственных препаратов, что очевидно пахнет «серыми» схемами и лоббизмом. В 2024 году единый дистрибьютор за бюджетные средства в сумме 220 миллионов тенге купил препарат «Повидон-йод», который был изъят из обращения как некачественный препарат. Куда ушли 220 миллионов? Просто забыли. В 2023 году отозвали препараты «Капецитабин» и «Дексилант», которые были закуплены за 2 миллиарда 980 миллионов тенге, то есть почти 3 миллиарда народных средств пустили на ветер.

Факты шокируют, у меня уже давление подскочило.

Указанные материалы по итогам аудита Высшей аудиторской палаты Министерства здравоохранения должны быть направлены в Генеральную прокуратуру и правоохранительные органы. Генеральной прокуратуре совместно с Агентством по противодействию коррупции, Агентством финансового мониторинга проверить деятельность «СК-Фармации», должностных лиц Комитета фармацевтического и медицинского контроля, ТОО «Казахстанская фармацевтическая компания «Медсервис плюс», а также Национального центра экспертизы лекарственных средств.

Соответствующее обращение группа депутатов направит.

Лично Вы, Алихан Асханович, работу продолжайте в том же русле. Вы делаете правое дело, мы лично Вас поддерживаем, Вы большой молодец. Я думаю, мы добьемся правды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сіз айқан фактілердің бәрі Жоғары аудиторлық палатаның талдауында бар.

Сөз депутат Нажметдинұлы Болатбекке беріледі.

НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Аудит фармацевтики – это не просто отчет, это приговор системе здравоохранения и не только здравоохранения. Мы же знаем, что у нас в государстве есть промполитика, мы знаем, что такое регулируемые закупки. Это недра, это госзаказ, это «Самрук-Казына». Закупки входят именно в эту систему.

Ежегодно Президенту докладывали, что 56 процентов регулируемых закупок (около 25 триллионов тенге) составляет казахстанское содержание. Отчет аудита показывает, что на самом деле более 84 процентов – это импортные лекарства, то есть он полностью торпедировал отчет, который вело Министерство индустрии и инфраструктурного развития через свой РГП «Казахиндустрия».

На самом деле этот отчет – это хуже, чем уголовные дела ЭХРО, Спид-центра. Здесь нанесен ущерб не только бюджету, но и здоровью людей, это продолжается на системной основе и сегодня.

Этот отчет как лакмусовая бумага, он показывает, чего стоят на самом деле все прежние отчеты, как я говорил, о казсодержании, промышленной политике и поддержке ОТП. Все эти законы этим отчетом обнулены, они в медицине не работают. Годами государственные органы, министры и их кураторы докладывали Президенту и Правительству, что все хорошо, защищали бюджет, а на деле молчали и закрывали глаза на закуп импорт под видом отечественного, закрывали глаза на риски.

В качестве примера. РГП «QazVac», которое придумали, до сих пор не зарегистрировано. Чтобы спасти завод, который построили на несколько десятков миллиардов, мы специально создаем условия, чтобы все закупки Министерства сельского хозяйства проходили через этот РГП, на 40 миллиардов тенге хотим закупить французское лекарство, которое преподносим как наше.

Это как «Спутник» производили в Казахстане: привозили в бочках сам «Спутник», потом в ампулах преподносили как казахстанское производство. То же самое сейчас пытается сделать это РГП – преподнести это как казахстанский ветпрепарат против сибирской язвы, ящура.

Я бы хотел, чтобы Высшая аудиторская палата на это тоже обратила внимание. Лучше давайте скажем, что мы здесь проиграли, и закроем завод, а не финансировать через искусственный госзаказ, ломая рынок.

Құрметті әріптестер, без жестких выводов система не изменится. Здесь находятся представители Президента, Правительства, вы должны на этот момент обратить внимание и донести до руководства, чтобы этот аудит Высшей аудиторской палаты стал основой для перезагрузки системы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әбенов Мұрат Абдуламұлына беріледі

ӘБЕНОВ М.А. 2019 жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі болған кезімде ең алдымен ауылдық дәріханалар мәселесін көтергенмін. Сол кезде мен ауылдағы халықпен кездескенмін.

Шекті бағаны енгізгеннен кейін Қызылорда облысының ауылдарындағы дәріханалардың 70 пайызы жабылды. Сол кезде дәріханалардың иелері жұмыс істеуге мүмкіндік жоқ, себебі министрліктің құжаттары тек ірі фармкомпанияларға ғана арналған дегенді айтты. Біз ол мәселені көтердік, министрлік тексерді. Министрлік тексерген кезде бәрібір өзінен шығады ғой, өйткені барлық құжаттарға министрлер қол қойған.

2019 жылы көтерілген мәселе міне бүгін дәлелін тауып жатыр. Мен оған бір жағынан қуанамын, ал екінші жағынан қаншама миллиардтаған теңгенің ұрланғаны, одан қаншама азамат зиян шеккені, оны Денсаулық сақтау министрлігінің мойындамағаны, әйтеуір қашып-пысып сұраққа жауап бермеуі мені ренжітеді.

Ержан Шәкірұлы, сіздің айтқан ақпараттарыңыз шамалы ретке келді. Сіздің мен өзім қол қоямын, өзім жауап беремін дегеніңіз маған ұнады. Ең болмаса алдағы уақытта жауапкершілік болады деп ойлаймын.

«СҚ-Фармация» өкілінің айтылған сынға байланысты бізге ақыл айтып сөйлеуі дұрыс емес деп ойламын. Депутаттар нақты цифрлар келтіріп айтып отыр, ал сіздің «жоқ, олай емес» дегеніңіз дұрыс болмады. Парламент олай сөйлейтін жер емес. Қалай дегенде де біз нақты ақпаратқа сүйеніп айтып отырмыз.

Мен қаңтарда Қызылордаға барғанымда дәріхана иелерімен тағы кездестім. Олар бұл мәселені тез арада қолға алуды сұрап жатыр. Олар электронды жүйемен, маркамен тексеру мәселесін көтерді. Маркамен қалай тексереді, ол өтірік ақпарат қой дейді олар. Мысалы, бір қорап дәрі, оның ішінде 20 ампула. Жалағашқа бардық, онда бір дәріхана. Әрқайсысын сату үшін жиырма рет «пиқылдатады». Интернет дұрыс жұмыс істемейді. Уақыт кетеді. Осыншама уақыт кетірмес үшін халық интернет арқылы сатып алады. Негізі дәрі-дәрмекті медицина мамандары сатуы керек. Ал қазір интернет арқылы сатып жатқандар кім екені белгісіз.

Сондықтан министрлік бұл мәселені қайтадан қарауы керек. Бес жыл бұрын ауылдық жерлерде болған дәріханаларды қайтадан қалпына келтіру керек.

2019 жылы ол мәселені көтергенбіз. 2020 жылы болған пандемия кезінде біз қалаларға блок-пост қойып жауып тастадық. Сонда ауыл адамдары ауылдарда дәріханалар жоқ, қалаға кіргізбейді, жауып тастады, сонда біз өлеміз бе деп шырылдады.

Фармацевтикалық компаниялар ауылдық жерге бармайды. Олар дәріханаларды Қызылордада ашады, аудандарда ашпайды.

Құрметті әріптестер, бүгін қаралып отырған мәселе өте маңызды. Асхат Қанатұлы заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде дұрыс айтты.

Тағы бір мәселе. Бұрын қандай дәрі алғаны, оның бағасы көрсетілген SMS-хабарлама келетін. Сол әдісті қайтару керек. Біз қандай дәрі жазғанын, оның қанша тұратынын білуіміз керек.

Жаңа біз сыбайлас жемқорлықтың көрінісін айттық. Мемлекеттің қаржысына сатып алынған дәрілер дәріханаларда ашық сатылып жатыр. Ол үшін жауапкершілікке тартуға болады.

Тіркеуде жоқ дәрілердің интернет арқылы заңсыз сатылып жатқаны туралы әріптестерім айтты.

Өткенде мен осының нақты фактісін келтіріп министрлікке сауал жолдағанмын. Қызылордада «Трамадол» препараты ретсіз сатылған. Нақты фактіні келтірдім, бірақ

министрлік ешқандай шара қолданбады. Ол дәріні сатқан дәріхана жауапкершіліктен құтылып кетті.

Біріншіден, дәрі-дәрмектердің бағасы халық үшін қолжетімді болу керек. Екіншіден, дәріханалар сапалы дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуі керек.

Байқағанымыздай, бес жылдың ішінде дәрі-дәрмектердің саны 7 пайызға азайған. Басқа елдерде сапалы дәрі-дәрмектер көбейсе, ал бізде сапалы дәрі-дәрмектер азайып, оның орнын ірі фармацевтикалық компаниялар сапасы төмен, соған балама ретінде жасаған дәрі-дәрмектермен ауыстыруда. Осы мәселені жан-жақты қарастырып, шешім қабылдасак болмайды.

Өкінішке қарай, бүгін Денсаулық сақтау министрлігінің тарапынан бұл мәселеге қатысты пікірін естімедік, фармацевтикалық компаниялардың адвокаты сияқты барлығы жақсы, барлығы керемет деп ақтап жатыр.

Әлихан Асханұлы, осы мәселені депутаттармен бірге қараңыздаршы.

Осы отырыстың алдында маған фармацевтикалық компания деген ол мафия, олар тек өздеріне жақын төрт-бес компанияға ғана сатады, ал олар әрі қарай өздеріне жақын төрт-бес компанияға ғана сатады, олардың әрқайсысы 15 пайыздан қосады дегенді айтты. Заң жағынан қарағанда барлығы дұрыс. Осы мәселені де ретке келтірмесек болмайды. Соның схемасын бірге қарап, шешім қабылдауға ұсыныстар жасайық. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлына беріледі.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Спасибо, Ерлан Жаканович.

Уважаемые коллеги, как мы сегодня поняли из отчета Высшей аудиторской палаты и ответов министерства, в вопросах обеспечения населения лекарственными средствами нет последовательности. Возникает стойкое ощущение, что в Минздраве этот вопрос курируют люди, которые или не знают законов рынка, или целенаправленно их игнорируют. Как результат мы имеем обратный эффект: ассортимент лекарств в стране сужается, есть риск того, что в нужный момент казахстанцы окажутся без необходимых лекарств.

Маркировка лекарственных средств, казалось бы, направлена на обеление рынка и продвижение цифровизации, но пока она отразилась негативно, потому что привела к удорожанию препаратов, в аптеках постоянно происходят технические сбои. В целом идея маркировки хорошая, и в будущем, возможно, мы сможем оценить ее по достоинству, но пока нужно поработать над техническим исполнением.

Кроме того, в ведомстве поставили перед собой благую цель – снизить стоимость лекарств на рынке. Минздрав пытается ввести новую процедуру для тех, кто регистрирует лекарственные препараты на территории Казахстана. И в новом ценообразовании чиновники решили убрать наценки, которые не учитывают расходы на логистику, а потому для дистрибьютеров может быть невыгодной их поставка на территорию нашей страны.

Участники рынка уже жалуются на непрозрачные правила, которые принимаются для регулирования цен. Некоторые цены завышены, некоторые занижены, в результате этих мер с рынка уходят более дешевые препараты, которые традиционно всегда были в аптеках.

Как известно, сейчас модель Казахстана такова, что цены утверждаются Минздравом, а экспертным органом при этом является Национальный центр экспертизы лекарственных средств, а ТОО «СК-Фармация» закупает препараты по предельным ценам, собирая заявки государственных учреждений. Если Минздрав введет композитную процедуру национальной ускоренной регистрации и поменяет цены, есть риск появления дефицита и сужения и без того неширокого ассортимента лекарственных средств и медицинских изделий.

Для обеспечения лекарственными средствами подведомственных организаций Минздрава тендер на 2026 год должен быть объявлен уже с 1 июля. Производители внимательно отслеживают реформы в нашей стране. Если цены окажутся ниже тех, по которым они могут продавать, они не выйдут на рынок. А потому есть риск, что в страну придут очень дешевые генерики, которые по качеству могут быть ниже. Поэтому, подчеркнем, в рыночной экономике важно устанавливать разумную цену, чтобы не возникало обратного эффекта.

Как результат – страдают казахстанские пациенты. К примеру, некоторые гипотензивные препараты уже сложно купить, среди них «Эксфорж» (Novartis Farma, Италия). Все говорят, что препарата нет.

Минздрав по полгода держит приказы по утверждению цен. Хоть препарат зарегистрирован, цена приказом не одобрена, в результате лекарства продаваться не могут, лежат на складах, а врачам и пациентам приходится искать аналоги.

Предложения фракции ОСДП.

Первое. Самое лучшее решение по ценам – когда берется так называемая средняя референтная цена на основании анализа стоимости лекарств не менее чем в десяти странах мира.

Второе. Мы поддерживаем предложение Минздрава вернуть прежнюю практику, когда генерик, то есть воспроизведенный препарат, должен быть на 30 процентов дешевле оригинала.

Третье. При утверждении предельных цен на лекарства необходимо учитывать цену доставки. Кроме того, необходимо пересмотреть так называемые маркетинговые затраты, которые государство намерено убрать. Эти вопросы должны регулироваться исключительно при взаимодействии с производителями и официальными дистрибьютерами, так как в свое время в эти маркетинговые затраты были включены расходы на содержание офиса и зарплату сотрудников.

Четвертое. Нередко отечественные лекарства часто дороже иностранных. При этом на экспорт они поставляются на порядок ниже, чем на внутреннем рынке. При мерах господдержки производителям необходимо выдвигать встречные обязательства. В противном случае возникает вопрос: нужно ли нам такое отечественное производство, которое не позволяет казахстанцам экономить средства? Логично, что казахстанский продукт внутри страны должен быть дешевле, иначе возникает вопрос целесообразности такого производства.

Сегодня 80 процентов лекарств производится за рубежом. Все вопросы господдержки должны быть открытыми для общественности, так как речь идет о средствах налогоплательщиков.

И напоследок хотелось бы напомнить, что рынок лекарственных средств не может быть только казахстанским. Это международная система, которая не может отличаться в отдельно взятой стране. На этом глобальном рынке мировые производители лекарств присматриваются к странам, в которых они будут представлены так же, как и мы, покупая тот или иной товар. Это законы рынка, от справедливой и предсказуемой политики в этом вопросе в итоге зависят здоровье и продолжительность жизни наших граждан.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Магеррамов Магеррам Мамедовичке беріледі.

МАГЕРРАМОВ М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемые коллеги, сегодня мы рассматриваем сферу здравоохранения. Буквально вчера Министерство здравоохранения вдруг активизировало социальные инициативы и заявило о том, что оно будет теперь в течение 100 дней регистрировать лекарственные препараты и расширять перечень лекарственных препаратов и медицинских изделий для бесплатного обеспечения льготной категории граждан. Видимо, хотели сделать сегодня такой подарок депутатам.

31 мая 2023 года депутатская фракция Народной партии Казахстана направила депутатский запрос в Правительство с требованием решить проблему регистрации лекарственных препаратов, которая длилась у нас от двух с половиной до пяти лет. Тогда нам сказали, что уже утверждена Дорожная карта для решения этой проблемы. На дворе 2025 год, проблема не решена, об этом сказали в своих докладах Алихан Асханович и Асхат Канатович. Сегодня уже никто не вспоминает об этой Дорожной карте, никто не спрашивает, почему она не исполнена за три года. Почти 30 лет наши граждане не могли вовремя получать лекарства, не доживали, умирали, потому что все процедуры затягивались на несколько лет.

Вроде де-юре у нас есть парламентский контроль, мы можем сделать депутатский запрос, пригласить государственные органы на пленарное заседание, в комитет и спросить, кто понес ответственность. Так мы и не услышали, кто понес ответственность за то, что не сделали что-то или нанесли финансовый урон бюджету. Мы за счет бюджета покрываем ошибки, виноватые не несут никаких юридических последствий. Мне кажется, наши коллеги из правительственного сектора это хорошо понимают. Самое многое, что мы слышим, это дисциплинарное взыскание или увольнение, серьезных юридических последствий нет. Через год-два придут другие вице-министры, скорее всего про эти обещания забудут, как забыли данные три года назад обещания, и все пойдет по кругу.

Наверное, нам стоит подумать о том, чтобы, когда, даже уйдя с должности, руководитель, которому дали полномочия, своей деятельностью наносит государственному бюджету урон, он отвечал за экономические последствия. Пусть за счет бюджета мы покроем, но в регрессном порядке нужно взыскивать. Мне кажется, это была бы правильная мера, которая заставит человека на должности работать в интересах государства и народа. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Уважаемые коллеги, слушая сегодня катастрофический доклад главы ВАП о ситуации в системе здравоохранения, мы во фракции «Ақ жол» обсуждали, как будем голосовать по этому докладу. Поскольку мы никак не можем собраться фракцией, сидим в разных местах, придется мне сейчас обратиться к коллегам через микрофон.

Я предлагаю поддержать отчет Высшей аудиторской палаты, поскольку это не отчет Министерства здравоохранения. Мы одобрим именно те разоблачения, которые сделал в своем докладе господин Смаилов, и одобрим рекомендации, подготовленные ВАП и высказанные нами в ходе обсуждения. Считаю крайне важным голосовать «за».

Фракция «Ақ жол» неоднократно в предыдущие годы высказывала крайне критичное отношение к деятельности «СК-Фармация». Сегодня мы видим, что ситуация там дошла до абсурда: на развитие рынка эта структура никакого влияния не оказывает, наоборот, способствует монополизации и коррумпированию рынка фармацевтики и медицинских товаров. Она затрудняет работу отечественных товаропроизводителей, создает предпочтения и условия для особо привилегированных компаний. Предлагаем Правительству рассмотреть вопрос о ликвидации ТОО «СК-Фармация», в таком виде он не нужен.

Глава государства 8 мая прошлого года подписал Указ о либерализации экономики. За несколько лет до этого он говорил о необходимости запрета всяких операторов, посредников, которые подменяют государственное регулирование какими-то различными «прокладками».

Мы видим сегодня, что не только в Министерстве здравоохранения, но и в других государственных органах предлагают создать различные фонды и ТОО, которые будут обязывать частные компании и граждан куда-то платить, чтобы выгоду получал не бюджет, а какие-то дочерние структуры.

Обращаемся к главе Правительства с вопросом о нецелесообразности сохранения ТОО «СК-Фармация», во всяком случае в том виде, в каком оно работает сегодня.

Хочу выразить поддержку деятельности Алихана Асхановича как руководителя Высшей аудиторской палаты. Мы просим Вас не останавливаться, провести аналогичный тщательный разбор во всех структурах, которые предусмотрены по плану. Мы Вас поддержим, даже не сомневайтесь, во всех этих вещах, Парламент однозначно будет поддерживать такую работу.

Более того, Вами было сказано, что по 134 случаям злоупотреблений направлены административные дела, по 5 – уголовные. Мы просим по всем выявленным фактам сразу направлять материалы в правоохранительные органы. Речь идет о миллиардных суммах, в том числе выводимых за рубеж, с этим нужно разбираться. На фоне ненефтяного дефицита в бюджете, когда государство ищет средства для выполнения своих обязательств, когда повышаем налоги на бизнес, разбазаривать народные средства, перекладывать нагрузку за счет удорожания медикаментов до 600 процентов на население – это кошунственно и недопустимо.

Мы просим ВАП работать смело и в дальнейшем проявлять такую же принципиальность.

Очень удручает реакция Министерства здравоохранения на замечания, высказанные депутатами. Коллеги по фракции Бейсенбаев и Иса сказали, что в докладе ВАП говорится об отсутствии сертификатов на закупаемую продукцию, а Министерство здравоохранения спорит. Вы с депутатами не спорьте, пожалуйста, доказывайте свое мнение в спорах с Высшей аудиторской палатой, не согласны – подавайте в суд. Мы работаем с официальными данными, предоставленными Высшей аудиторской палатой.

Коллеги, поддерживаем отчет ВАП, предлагаем голосовать за него. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Әріптестер, осы мәселе бойынша біз қаулы қабылдауымыз керек. Қаулы сіздерге таратылған. Қаулы Жоғары аудиторлық палатаның есебін назарға алу және тиісті ұсыныстар жөнінде. Осы қаулыға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 88, «қалыс қалғандар» – 2. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, бүгінгі отырыста халықты және емдеу ұйымдарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі кеңінен қаралды. Мәселе өте қызу талқыланды, өткір сұрақтар қойылды. Ол түсінікті де, себебі бұл бүгінгі күндегі ең өзекті мәселе.

Жалпы, бүгінгі талқылау, меніңше, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласында, фармацевтика саласында тәртіп орнатуға жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Айта кету керек, кез келген мемлекет үшін азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің стратегиялық мәні зор. Бүкіл халықтың денсаулығы осыған тікелей байланысты. Ал бұл елдің ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол туралы жаңа Ринат Зайыт айтып кетті.

Сондықтан Мемлекет басшысы отандық фармацевтика өнеркәсібін дамытудың маңыздылығын үнемі айтып келеді.

Әрине, бұл бағытта ешқандай жұмыс атқарылып жатқан жоқ деп айтуға болмас, он қарқын бар. Мемлекет тарапынан салаға барынша қолдау бүгінде көрсетіліп жатыр. Соңғы жылдары фармацевтика саласына, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды сатып алуға жұмсалатын қаржы артып келеді. Қазақстан нарығы фармацевтика саласының шетелдік қатысушылары үшін ашық. Отандық өндірушілерге қолдау жасалуда. Депутаттық корпус тарапынан да осы салаға заңнамалық тұрғыдан қажетті қолдау көрсетілуде. Алайда қабылданып жатқан шараларға қарамастан, кешенді түрде жүйелі тәсілді талап ететін бірқатар мәселе де жоқ емес. Бұл туралы бүгін Жоғары аудиторлық палата төрағасының баяндамасында да, депутаттар тарапынан да, қосымша баяндамада да кеңінен айтылды.

Біріншіден, дәрі-дәрмек нарығының 84 пайызын шетелдік өнімдер құрайтынын мойындауымыз керек. Ол туралы бүгін көп айтылды. Бұл Мемлекет басшысының 2025 жылға қарай отандық өндірістегі дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың үлесін 50 пайызға дейін жеткізу деген мақсаты орындалмағанын көрсетеді.

Екіншіден, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерге екі жылдың ішінде 58 миллиард теңге бөлінген. Ол мәселе бойынша Нартай Аралбайұлы да айтып кетті. Алайда біз ғылыми зерттемелердің, әзірлемелердің көзге көрінетіндей нәтижесін көрмедік. Ол туралы жаңа қосымша баяндамада да айтылды. Бір ғана мысал, он жыл ішінде тек бір ғана отандық препарат барлық рәсімнен өтіп, Ұлттық дәрілік формулярға енгізілген.

Үшіншіден, отандық препараттардың және оларды дайындау кезінде пайдаланылатын шикізаттың сапасы депутаттарды ерекше алаңдатып отыр.

Төртіншіден, қолданылу мерзімі 5 жылдан 12 жылға дейінгі клиникалық хаттамалар да белгілі бір дәрежеде күмән тудырады. Ол туралы да айтылды.

2020 жылғы пандемия мұндай хаттамалардың уақыт талабына сай болмай, ескірген дәрі-дәрмектерді алып тастауға немесе жаңаларын енгізуге қатысты қолайсыз екенін айқын көрсетті. Біз осы мәселе бойынша министрліктің жауабын тыңдадық. Министрлі клиникалық протоколдардың қайта қаралмауы қаржының жетіспеушілігіне байланысты дейді. Біз, білеміз, соңғы жылдары бұл мақсатқа қаражат жетіспейтіндігі жөнінде мәселе көтеріп, депутаттарға ешқандай ұсыныс енгізілмегенін. Осының өзі тиісті жауапты лауазымды тұлғалардың өз ісіне деген жауапкершілігінің деңгейін көрсетеді.

Бесіншіден, бұл денсаулық сақтау саласындағы менеджментке қатысты, яғни баға белгілеу және логистика мәселелері.

Өңірлерге дәрі-дәрмектерді жеткізу шығындары олардың құнын бүгінгі күнде айтарлықтай арттырып отыр.

Көріп отырғанымыздай, дәрі-дәрмекпен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету деңгейін арттыру бойынша міндеттер әлі де жеткілікті.

Сала жүйеленген тәсіл мен неғұрлым озық көзқарасты талап етіп отыр.

Есепті тыңдау қорытындысы бойынша біз Үкіметке, уәкілетті органдар мен әкімдіктерге ұсынымдар дайындадық. Ол ұсынымдар сіздерге таратылған.

Депутаттар саладағы жағдайды жақсарту бойынша нақты шараларды ұсынып отыр.

Үкімет бүгінгі талқылау қорытындысы бойынша депутаттардың барлық ұсынысын ескеруі қажет. Өз тарапымыздан қажетті көмек көрсетуге дайынбыз.

Медициналық препараттармен қамтамасыз ету және жалпы денсаулық сақтау саласында да заңнаманы одан әрі жетілдіру мәселелерін бірлесіп пысықтауға біз әзірміз және бұл сұрақ біздің тұрақты бақылауымызда тұратынын да мен атап айтқым келеді.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мәдиев Жаслан Хасенұлына беріледі.

МӘДИЕВ Ж.Х. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Бүгін сіздерге «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру жобасы бойынша үкіметаралық келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау жөніндегі заң жобасын ұсынамыз.

Атап айтқанда, хаттамамен келісімге келесі өзгерістерді енгізу көзделген:

бірінші – жабдықтар мен компоненттерді жеткізудің бұзылуына әкеп соққан қалыптасқан геосаяси жағдайға байланысты ұшу сынақтарының мерзімін 2023 жылдан 2025 жылға ауыстыру;

екінші – 2028 – 2039 жылдар аралығында «Бәйтерек» кешенінен ресейлік тараптың кепілдендірілген ұшыру санын жылына екі ұшырылымнан үш ұшырылымға дейін арттыру;

үшінші – бейрезидент үшін қосылған құн салығының нөлдік ставкасын қолдану;
төртінші – «Бәйтерек» акционерлік қоғамына корпоративтік табыс салығы бойынша преференцияларды қолдану мерзімдерін есептеу шарттарын өзгерту.

Бүгінгі күні «Бәйтерек» жобасы бойынша тараптар арасында бұрын қол жеткізілген келісімдерге сәйкес қазақстандық тарап өзіне алған барлық міндеттемелерді орындауда.

Қазақстан тарапы қажетті қаржы көлемін бөлді, орындаушыларға аванс төленді. Жерүсті инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жұмыстар жұмыс кестесіне сәйкес жүргізілуде.

Ресей тарапы «Союз-5» зымыран-тасығышын, оның бақылау-тексеру аппаратурасын дайындау жұмыстарын жүргізуде.

Сонымен қатар ресейлік өндіруші кәсіпорындарда технологиялық жабдықтарды дайындау бойынша жұмыстар жалғасуда, олардың зауыттық сынақтары қазақстандық мамандардың қатысуымен жүргізілуде.

«Бәйтерек» кешенінен «Союз-5» зымыран-тасығышының алғашқы ұшырылуы 2025 жылғы желтоқсанға жоспарлануда.

Айта кету керек, «Союз-5» зымыран-тасығышы экологиялық таза болып саналады, керосин және оттегімен жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған сәттен бастап Байқоңырдағы алғашқы және жалғыз жоба болып табылатын осы мемлекетаралық жобаны іске асыру ғарыш айлағының инфрақұрылымы мен кадрлық әлеуетін сақтау үшін маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда қазақстандық ұйымдар бес ғарыш аппаратын пайдалануда, отандық өндірушілермен бес ғарыш аппараты әзірленуде, оның ішінде екі ғарыш аппараты экспорттық шарттар бойынша шетелдерге арналған.

Ғарыш аппараттарын ұшыру бағытындағы жұмыстар отандық ғарыш аппараттары өндірісін нығайтуға өзінің оң әсерін тигізеді. Өйткені тапсырыс берушілер ғарыш аппараттарын өндіріп, ғарышқа ұшырып, сол ғарыш кеңістігінде осы аппараттардың жұмыс істеп тұрған түрінде тапсыруды талап етеді.

«Бәйтерек» кешенін уақытылы пайдалануға беру Қазақстанға тиімді коммерциялық құрылымы бар – ғарыш аппараттарын әзірлеу мен құрудан бастап оларды «Бәйтерек» кешенінен ұшыруға дейінгі толыққанды ғарыш саласын құруға мүмкіндік береді.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшейік.

Депутат Рожин Максим Николаевич.

РОЖИН М.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрақтарым баяндамашыға, сондай-ақ Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкіліне.

Зымыран-тасығышты ұшырған кезде, зымыран-тасығыштың қалдықтары жерге түскенде, оны кәдеге жаратқан кезде үнемі қоршаған ортаға әсер ету мәселесі көтеріледі.

Бірінші. Құрметті Жаслан Хасенұлы, сіз жаңа зымыран-тасығыштың түріне қатысты аз-кем ақпарат бердіңіз, бірақ нақтылағым келеді. Оның нақты түрі қандай? Оның техникалық және экологиялық сипаттамалары қандай?

